

## **1. №6 Семинар сабағының тақырыбы. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының тауқыметті тағдырлары.**

### **2. Сабақтың мазмұны:**

1. Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің зардаптары.
2. Алаш қозғалысының қайраткерлеріне қарсы репрессия. 1920 ж. басы мен 1930 ж. аяғындағы сот процесі.
3. Кеңестік билік жүйесінің саяси қуғын-сүргінінде Алаш қайраткерлері.

**3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері:** Алаш қозғалысының қайраткерлеріне қарсы репрессия тарихи туралы құнды деректер жинақатп, ғылыми тұрғыда пікірталас жасай алуы және өз қорытындыларын дәлелдей алуы. Жаңа тарихи зерттеулер нәтижесіндегі деректер негізінде өзіндік көзқарасын, ой-пікірін дәлелді жеткізу.

**4. Техникалық және инструментальдық құралдары:** интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

**5. Сабақтарды өткізу тәртібі.** Кеңестік тоталитарлық қоғам ұлт мүддесін аяққа басу, ұлт рухын әлсірету мақсатында саясат жүргізіп, «кеңес халқын» қалыптастыру ісін қарқынды қолға алды. Енді саяси қуғын-сүргіннің адам құқығын аяққа басқан заңдық негіздерін зерделесек: КСРО-да 1920-1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін социалистік құрылысты орнықтырудағы шаруашылық механизмінің ажыратылмас бөлігіне айналды. 1920-1930 жылдары кеңестік сот жүйесі қайта құрылып, саяси қуғын-сүргін шараларын жүргізуге бейімделді.

Саяси қуғын – сүргінге ең алдымен ұлтжанды зиялылар ұшырады. Мұрағат құжаттары зиялылардың көзін жоюдың астарында саяси мән жатқандығын дәлелдейді. Тіпті, «халық жауы» атанып, атылған, лагерге айдалған тұлғалардың отбасы мүшелеріне дейін репрессияға ұшырады. Өйткені, кеңестік саясаттың түпкі мазмұнына кедергі болар отбасы құндылығы еді. Билік құрылымдары кез – келген отбасы мен жеке адам өміріне белсене араласты.

Қазақстандық әйелдерді, оның ішінде қазақ әйелдерінің саяси, құқықтық және әлеуметтік жағдайын өзгерту шаралары саяси қуғын – сүргінге ұласты. Саяси шаралар мен экономикалық науқандар барысындағы саяси қуғын – сүргін құрығынан әйелдер де аман қалмады. Саяси қуғын – сүргінге қазақтармен қоса, Қазақстанда өмір сүрген өзге ұлт өкілдері де ілікті.

«Ер адамдармен бірдей тең құқықты иеленген» (әйел теңдігі саясаты айтып отырмыз) әйел – аналар ер адамдармен бірдей дәрежеде қудаланды, ату жазасына кесілді, түрмеге жабылды, 8-25 жыл аралығында еңбекпен түзету лагерлерінде «жазаларын» өтеді. Өйткені, оларға ЧСИР (Отанын сатқандардың отбасы мүшелері) деген жалған айып тағылды. Міне, отандық тарихтың ең қайғылы, қасіретті беттерінің бірі. Қазақ тарихында мұндай сұмдық бұрын – соңды болмаған-ды. Қазан төңкерісіне дейінгі оқыған, зиялы

қазақ қыздары қоғамдық қызметтерден әдейі шеттетіліп, ғасырлардан ғасырларға жалғасқан отбасы құндылығына саяси мән берілді.

1920-1930 жж. Қазақ өлекелік БК(б)П комитетінің жанындағы әйелдер бөлімі, әйелдердің саяси – құқықтық және экономикалық жағдайын өзгертуге бағытталған саясатты жүргізетін, партия нұсқауын орындаушы органға айналады. Қазақстандағы делегат әйелдердің жиналыстары әйелдерді республиканың өндірістік және қоғамдық өміріне тарту ықпал етіп, нәтижесінде жылдан жылға делегат әйелдердің саны артқан. Әйелдер клубтары мен жиналыстарының негізгі мақсаты мен міндеті «ескі тұрмыс қалдықтарымен күресу» ісіне қазақ қыздары мен әйелдерін тарту болатын. 1925 жылдан бастап құрылған қызыл отаулар да әйелдер арасында кеңес билігінің саясатын «ұғындыру» жұмысымен қарқынды айналысқан. Сонымен қатар, олар әйелдер арасында «кеңестерге қарсы» көңіл-күйді үнемі қадағалап, жоғарыға мәлімдеп отырған. Мәселен, 1926 жылы республикада 13 көшпелі қызыл отау болса, 1930 жылы олардың саны 74 – ке өскен. Мұрағаттардағы партия құжаттарында «мұсылман әйелдері үгіт – насихат жұмыстарына онша назар аудармайды, олардың арасында кеңестерге қарсы көңіл – күй басым» деген жолдар жиі кездеседі. Кеңес өкіметі қазақ қыздарының «надандығын» нағыз ұлтжанды зиялылардың басын біріктірген Алашорда үкіметіне кінә етіп те артқандығы тарихымыздан белгілі.

#### **6. Деңгейлік тапсырмалар:**

1. Қазақстанда саяси қуғын-сүргінің зардаптарын анықтаңыз.
2. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларын атаңыз.

#### **7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары:**

1. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлері.
2. Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі.

#### **8. Пайдаланылатын әдебиеттер:**

1. Мажитов Р.С. Жаханша Досмухамедов. – Алматы: Арыс, 2007. – 216 с.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: Алаш, 2004. – Т. 1. – 552 б.
3. Қойшыбаев Б. Алаштың ардақты қайраткері заңгер Досмұхамедов хақында // Заңгер. – 2005. – №3. (44-47-бб.)
4. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- Нұрпейіс К. Тарихи тұлғалар. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. 376 б.
5. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың I жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.